

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

2021 жылғы 24 шілде

Ақтау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 15

город Актау

Маңғыстау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Маңғыстау облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын қатаңдату туралы» 2021 жылғы 15 шілдедегі №14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысының тұрғындары арасында COVID–19 коронавирусы инфекциясының (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы 2020 жылғы 07 шілдедегі Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107 баптарына, «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 17, «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 03 маусымдағы № 26 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 11 маусымдағы № 27, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 1 шілдесіндегі № 31, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 14 шілдесіндегі № 32 қаулыларына және COVID-19 сырқаттанушылықтың тіркелуінің жалғасуына байланысты **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Маңғыстау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Маңғыстау облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын қатаңдату туралы» 2021 жылғы 15 шілдедегі №14 қаулысына (бұдан әрі – МО БМСД-ның №14 қаулысы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) МО БМСД-ның №14 қаулысының 1-қосымшасы осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Шектеу шараларын қатаңдату туралы шешімді қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері қабылдайды.

3. Қалалар мен аудандардың әкімдеріне:

1) мониторингтік топтардың шектеу шараларының сақталуына рейдтік іс-шараларды ұйымдастыру, бұзушылықтар анықталған немесе талаптар орындалмаған кезде санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарында тиісті әкімшілік шараларды қабылдау үшін құжаттарды сапалы рәсімдеу және уақтылы беру қамтамасыз етілсін.

4. Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы қалалар мен аудандардың әкімдіктерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сайтында жарияланған COVID-19 бойынша эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес, «аймақтан» «аймаққа» ауысу кезіндегі объектілердің жұмыс тәртібі бойынша бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілері арқылы қабылданған шаралар туралы халыққа жаппай ақпараттандыру жүргізілсін

5. Маңғыстау облысының санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқарма басшылары қалалар мен аудандардың әкімдіктерімен бірлесіп, осы қаулының орындалуы қамтамасыз етілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Маңғыстау облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



Г.Надусев

Маңғыстау облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы 24 шілдедегі
№ 15 қаулысына
1-қосымша

Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары
(Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы
30 сәуірдегі № 17 қаулысының 6-қосымшасына және Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 11 маусымдағы № 27 қаулысына
1-қосымшасына әйкес)

№	Объектілер/салалар	«Ashyq» жобасының қатысушысы болып табылмайтын объектілер үшін	«Ashyq» жобасына қатысатын объектілер үшін
1.	Өнеркәсіп	+	-
2.	Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+	-
3.	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+	-
4.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	+	-
5.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+	-
6.	Гүл дүкендері, фотосалондар	+	-
7.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+	-
8.	Мұражайлар, кітапханалар	+	-
9.	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	✓ топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша және сенбі, жексенбі жұмысын тоқтата отырып	-

10.	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша	-
11.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	+	-
12.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+	-
13.	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған)	✓ Алаңы 1000 ш.м жоғары және сенбі, жексенбі жұмысын тоқтата отырып	-
14.	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	+ уақыт 17:00-ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	-
15.	Жабық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	✓ уақыт бойынша 17:00-ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	-
16.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.).	✓ 80%-дан асырмай толтырғанда	+
17.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология	✓ алдын ала жазылу бойынша	-
18.	Қоғамдық көлік	✓ Сенбі, жексенбі қозғалысты тоқтата отырып, әдеттегі режимде (бетперде кию, қарбалас сағаттарда автобустар санын арттыру, барлық есіктерді отыратын орындар саны бойынша ашу)	-
19.	Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	✓ уақыт бойынша 9.00-ден 18.00-ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	✓ ХҚКО («Ashyq» жобасына қатысатын) сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
20.	Мектепке дейінгі мекемелер	✓ кезекші топтар 15 адамнан аспайтын	-

		топтарды жинақтауды сақтаган кезде	
21.	Ұйымдар, офистер*(ескерту)	✓ 80 %- кашықтыктан, 20%- күндізгі режим	-
22.	Діни объектілер	✓ Жабык үй жайларда ұжымдық іс – шараларды өткізбей қалыпты режимде. Мешіттер, православие шіркеулері және басқа да діни объектілер аумағында ұжымдық діни іс –шараларды (оның ішінде «жұма намазы», күнделікті православиялық дұғалар және басқаларын) ашық ауада өткізу бетперде режимі мен бір адамға кемінде 4 шаршы метр есебінен әлеуметтік кашықтықты сақтау, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	-
23.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға, тамақты жеткізу жұмысына рұқсат	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға, тамақты жеткізу жұмысына рұқсат
24.	Жазғы алаңдар	✓ 09:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
25.	Асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері	✓ 09:00-ден 17:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салу, тамақты жеткізу жұмысына рұқсат	✓ 09:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салу, тамақты жеткізу жұмысына рұқсат
26.	Фуд-корттар	✓ 10:00-ден 17:00-ге дейін жұмыс істеуге	✓ толтырылуы 20%-ға дейін, бірақ 30 орыннан

		рұқсат, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға, тамақты жеткізу жұмысына рұқсат	асырмай сағат 08:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға, тамақты жеткізу жұмысына рұқсат
27.	Стрит-фуд (жеке тұрған шатыр/ларек/отыратын орны жоқ дүңгіршек)	+	-
28.	Моншалар	✓ уақытын сағат 06:00-ден 20:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	уақытын сағат 06:00- ден 20:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
29.	Сауналар	✓ уақытын сағат 06:00-ден 17:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	+ уақытын сағат 06:00- ден 20:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
30.	СПА-орталықтар, бассейндер	✓ уақытын сағат 06:00-ден 17:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	+ уақытын сағат 06:00- ден 20:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
31.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының (электричкалардың) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз	-
32.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз	-
33.	Қалааралық, облыс ішіндегі, қалалық тұрақты, тұрақты емес автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	тыйым салынады	+
34.	Спорт объектілері (спорткешендері, спорт мектептері, спорт клубтары, жаттықтыру залдары), спорттық-сауықтыру орталықтары, фитнес-орталықтары, фитнес-клубтары, йога-орталықтары	✓ уақытын сағат 06:00-ден 17:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	+ уақытын сағат 06:00- ден 20:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
35.	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	✓ уақытын сағат 17:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	✓ уақытын сағат 18:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
36.	Мәдениет объектілері (дайындық)	тыйым салынады	✓

			30 адамға дейін, сондай-ақ екі компонентпен вакцинацияланған адамдар
37.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	✓ уақытын сағат 17:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға	✓ 30%-дан асырмай толтыру, уақытын сағат 20:00 –ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
38.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салынады	✓ 75%-дан асырмай, бірақ 15 адамнан артық емес толтырылған кезде
39.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салынады	✓ 75%-дан асырмай, бірақ 15 адамнан артық емес толтырылған кезде
40.	Бильярдтар	тыйым салынады	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
41.	Компьютерлік клубтар	тыйым салынады	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде. Тек 12 жасқа толған және одан асқан адамдарға рұқсат етіледі, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
42.	Боулинг	✓ Сенбі, жексенбі қызметін тоқтата отырып, сағат 06:00-ден 18:00-ге дейінгі уақыт бойынша шектеумен	✓ сағат 12.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс режимімен 30%-дан артық емес толтырылған кезде, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
43.	Цирктер	тыйым салынады	✓ 30%-дан артық емес толтырылған кезде, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
44.	Алаңы 1000 ш.м-ге дейін болатын балалардың (жабық үй-жайдағы ойын алаңдары, аттракциондар) ойын-сауық орталықтары	тыйым салынады	✓ бір адамға кемінде 10 ш.м., бірақ 30 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде,

			сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
45.	Алаңы 1000 ш.м-ден жоғары болатын балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары	тыйым салынады	✓ бір адамға кемінде 10 ш.м.,бірақ 60 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
46.	Ашық ауадағы аттракциондар	+	-
47.	Балаларды сауықтыру ұйымдары	✓ толтырылуы 30%-дан артық емес	-
48.	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	тыйым салынады	✓ 20%-дан артық емес толтырылған кезде
49.	Банкет залдары (ас беруді өткізу үшін)	тыйым салынады	✓ бір адамға кемінде 4 ш. м., бірақ 30 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз ету, 30%-дан асырмай толтырылған кезде сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
50.	Түнгі және ойын клубтары	тыйым салынады	-
51.	Караоке	тыйым салынады	✓ 50%-дан асырмай, бірақ 30 адамнан асырмай толтырған кезде сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат, сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тиым салуға
52.	Океанариум	тыйым салынады	✓ Топтық экскурсияларға рұқсат беру (15 адамнан артық емес)
53.	Жабық жағажайлар, аквапарктер және аттракциондар	тыйым салынады	-
54.	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	тыйым салынады	-
55.	Көрмелер	тыйым салынады	✓ бір адамға 6 ш. м. кем емес, бірақ бір уақытта 150 келушіден аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген, 70%-дан асырмай толтырылған кезде
56.	Марафондар (ашық ауада)	тыйым салынады	30 адамнан артық емес
57.	Ерікті қатысушылар (ЖОО,	тыйым салынады	Жеңілдікіз.

	киноиндустрия, банктер, ұйымдар, офистер және басқалар)		Сенбі, жексенбі жұмыс жасауға тыйым салуға
58	Лотерея клубтары және лотерея сататын өзге де орындары	тыйым салынады	✓ бір адамға кемінде 4 ш.м.,бірақ 30 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде

*- Ұйымдар, офистер қызметкерлерге COVID-19-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген жағдайда қызметін қашықтықтан және күндізгі жұмыс форматында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайыздық арақатынасы жөніндегі талаптарды ескермей жүзеге асырады. Бұл ретте COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсы алған және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған барлық қызметкерлердің күндізгі режимде жұмыс істеуіне жол беріледі.

«+» - қызметке рұқсат етілген;

«✓» - қызметке ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;

«-» - қызметке тыйым салынған».